



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

есіммен белгілеген жөн. Мысалы: “Nijikan ni vatatte hanashiai wo okonatta” – келіссөздер екі сағат бойы жүрді, “Nijikan ni vataru hanashiai wa seikou data” – екі сағатқа созылған келіссөздер сәтті аяқталды.

Газет мақалаларында және Интернеттегі мәтіндерде сөйлемдер қарапайым түрде кездеседі, ал теле және радио хабар таратуда, ресми баяндамалар жасағанда, сөйлеудің сыпайы түрі қолданылады.

Бір сөйлемде бір сөз бірнеше рет қолданылса, қайталанып жазылған сөздің алдында “Dou”, яғни «бірдей, дәл сол» деген сөз алды қосымша жазылады. Алайда аударған кезде «бірдей, дәл сол» деген сөз алды қосымшаны қолданбай, алғашқы нұсқасын аударған жөн. Мысалы: “Beidaitouryou” және “Doubeidaitouryou” деген сөз бірдей «АҚШ-тың президенті» болып аударылады.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Читаем переводим японскую газету. Пособие по работе с японскими газетными текстами общественно-политической тематики (начальный этап обучения) / Н.В. Раздорская. – М: АСТ: Восток – Запад, 2006. – 245 с.
2. Камионко В. Ф. Масукоми. Традиции и современность массовой коммуникации Японии. – Хабаровск, 1991.
3. Катасонова Е.Л. Японские корпорации. Культура, благотворительность, бизнес. – М., 1992.
4. Камионко В.Ф. Роботы и самураи. Радио и телевидение в современной Японии. – М., 1989.

УДК [008:82](=411.21)

АРАБ КОМПОНЕНТІ ИСПАН МӘДЕНИЕТІ ФЕНОМЕНІН ҚҰРАУШЫСЫ РЕТІНДЕ

Кудайбергенов Ахмед Кажымуратулы

Akhmed91@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
Шығыстану мамандығының 1 – курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: З.С. Ильясова

Арабтар Испанияға басып кіргенде, олардың мәдени деңгейі салыстырмалы түрде айтарлықтай төмен деңгейде еді; берберлер деңгейі олардан да төмен. Дегенмен, Сирия, Ирак, Мысырды жаулап алған кезінде арабтар өз иеліктеріне Таяу Шығыстың бірнеше ірі мәдени орталықтарын қосып алды.

Жер суландыру жүйесінің дамуы, Испанияда ылғал мөлшерін қажет ететін – қант құрағы, күріш, апельсин, лимон, баялды, бөрікгүл, мақта өсіру мәдениетінің пайда болуына әкелді. Әрине, Испанияда бұрын белгілі болған мәдениеттер өсіру мен дамыту жалғаса берді. Дәнді дақылдардан басқа – жүзім, зәйтүн, інжір, шие, алма, алмұрт, анар, бадам, ал жылы аймақтарда – банан мен пальма ағашының әртүрлі түрлері өсірілді. Жауқазын, күнзе, қына, ойран тәрізді өсімдіктер бояғыш заттары мен дәмдеуіштер әзірлеу үшін күтіп, бапталды. Тұт ағашы өскен жерде жібек шаруашылығы гүлденді. Жазық далада жабайы өсетін эспарто (альфа шөбі) жиналып, одан тоқыма өнімдері дайындалды.

Молшылық, байлық, салтанат белгісі ретінде қолөнер кәсібі дами бастайды. Өндіріс тауарларынан бүгінгі күнге дейін кейбір үлгілері сақталған, жұқа маталар, зығыр өнімдері, жібек болды. Құмыра өндірісі мен Шығыстан әкелінген қыш тақташаларын жасау алға басады. IX-шы ғ. II жартысында Кордовада хрусталь өндіру сыры ашылды. Оған қоса, Кордовада қола мен мыстан жануарлар фигуралары мен тамаша ыдыс үлгілерін жасайтын ұста-нақыштаушылар өмір сүрген болатын. X-шы ғасырға таман, Кордова алтын және күміс жұмыстары, зергерлік өнерімен Византиямен бәсекелестікке түсе алатындай дәрежеге жетті.

Сақталған алқалар, білезіктер, сырғалар мен өзге де әшекей бұйымдары шеберліктің жоғары деңгейі мен шығармашылық талғамның жоғары деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Піл сүйегінен бұйымдар жасау өнері де ерекше бағаланды. Теріден көптеген декоративтік жұмыс үлгілері жасалынып, олардың ішінде кітапты тыстау өнері де кеңге жайылды.

Арабтар құрылыс техникасын жетілдіруде де өз үлесін қосты. «Құрылыс», «үй» сөздері (alarife, albanil) араб тілінен алынған. Арабтардың музыкалық аспаптарды да жетілдіруде өзіндік рөлі болды. Инструменталды музыка әскери әрекеттер кезінде де қолданылып, ал кейбір діни қауымдастықтар жиналысында тылсым экстаздың міндетті шарты ретінде түсінілді. Музыка теориясы бойынша көптеген араб еңбектері мәлім. Олардың кейбірі грек авторларының еңбектеріне сүйенсе, қалғаны арабтардың өзіндік түсінігін көрсетіп, дамытады.

Мұсылман Шығысы еуропалықтардың күнделікті тағамына айтарлықтай әсерін тигізді: шығыс дәмдеуіштері олардың үстелдерін одан ары толықтыра бастайды. Әсіресе қыс мезгілінде, басты азық тұздалған ет пен кептірілген балық болған кездерде кең қолданылады. Еуропа асханасына қанттың енуі үлкен төңкеріс іспетті болады: бұған дейін тәтті тағамдардан еуропалықтар тек балды қолданған.

VIII-ші ғ. ортасында арабтардың қолына тұтқынға түскен қытай қолөнершілері, қағазды жасау техникасының сырын ашып, бостандыққа ие болған. Қағаз маңыздылығын арабтар дереу түсінеді: ол мысыр папирусынан әлдеқайда арзан еді. Харун ар-Рашидтің уәзірі Йахйя Бармакид 800-ші ж. шамасында Бағдад қаласында алғаш қағаз диірменін салады. Осылайша, Сирия мен Солтүстік Африка арқылы қағаз батысқа келеді. Испания мен Сицилиядан қағаз басқа елдерге тарай бастайды. Дегенмен Германия мен Италияда қағаз диірмендері тек XVI-шы ғ. пайда болды.

Мұсылман Испаниясының басым бөлігінде біртіндеп әртекті испан-араб мәдениеті қалыптаса бастайды. Уақыт өте келе солтүстік-батысқа қарай тарап, жылжиды. Мысалы, мұсылман аймақтарында христиандар да, мұсылмандар да араб тілін біліп, тұрмыста араб лексикасымен араласқан роман диалектісін пайдаланады. Мұсылман үстемдігі уақытында, христиандар билеуші элитаның мәдениетін қабылдап, оларды «мосарабтар», яғни «арабтанған» деп атады.

Испан-араб мәдениетінің дамуына Реконкиста әсері де тимей қоймады. Біріншіден, кейбір христиан ханзадалары мосарабтарды оңтүстіктен ығыстырып, иесіз жерлерге тұрақталуына мәжбүрлейді. Екіншіден, христиан жерлері иеліктеріне мұсылман қалалары өте бастаған заманда, мұсылмандар христиан билеушілері үстемдігі астында өмір сүргенімен, қалалар әлі де мұсылмандық не испан-арабтық болып қала берді. Мұндай қалалар санатына 1085-ші жылы Реконкиста тарапымен жаулап алынған, еуропалық мәдениет тарихында маңызды орынға ие болған Толедоны жатқызсақ болады.

Ортағасырлық араб әдебиетінің зерттеушісі Б.Я. Шидфар: «түрлі халықтар тарихи тағдырының араласуы нәтижесінде Андалусияда әрқилы мәдениеттер негізінде өзіндік, ерекше мәдениет қалыптасты», - деп атап өткен болатын. Шынымен де, бұл кезеңде Испания халқын бірегей ұлт деп атауға мүмкін емес еді. Арабтар барлық мұсылман қауымының кішігірім ғана пайызын құраса, шыққан тегі Солтүстік Африка тұрғындарының - берберлер саны басым болған. Мұсылман емес халықтар арасында – еврейлер, вестготтар мен римліктер ұрпақтары, ибериялықтар мен галисиялықтар. Испанияның барша тұрғындарының біршама пайызын құраған еврейлер тұрмысы, вестготтармен салыстырғанда маврлар билігі кезінде әлдеқайда жақсырақ болды. Себебі билік тарапынан діни қысымға душар болған жоқ. Түпкілікті тұрғындар саналатын – роман тайпалары ұрпақтары мен вестготтар да билік тарапынан еш қысымды айтарлықтай сезе қойған жоқ. Құлдар болса әртүрлі халықтар мен ұлт өкілдерінен құралған тап еді. Вестготтар құлдары ислам дінін құшақ жая қабылдай бастайды: біріншіден, бостандыққа қол жеткізеді, екіншіден, бұрын соңды болмаған жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады - уақыт өте келе құлдардың көпшілігі ауқатты жер иегерлеріне айналды. Одан соң ислам дінін өзге әлеуметтік тап өкілдері қабылдай бастайды. Олардың арасында жергілікті ақсүйектер де бар еді, әрі олар арабтардың өздерімен салыстырғанда

дінге әлдеқайда берік, берілген болып шықты [1]. Осындай түрлі халықтар мен діндер өкілдерінің араласуы нәтижесінде көптеген неке кию үрдістері жүзеге асты. Олардың ұрпақтарын «муаллад» деп атаған. Мәдениеттің алуан түрлілігі бір тектің ішінде де байқалды: туыстардың бір бөлігі христиан дінін, екінші бөлігі ислам дінін ұстанған жағдайлар да орын тапты [2]. Кей халықтар (еврейлер, роман тайпалары) өз дінін сақтай отыра, араб тілін, киімін және ғұрыптарын оңай қабылдады. Алайда мұндай адамдардың (зимми) әлеуметтік-құқықтық жағдайы шектеулі: мысалы, оларға қару-жарақ алып жүруге тыйым салынды. Мұсылман Испаниясында зиммилердің орны туралы Принстон университетінің профессоры, ислам тарихы бойынша әйгілі маман Бернард Льюис өзінің объективті бағасын берді: «олардың жағдайы мұсылман басшыларының төзімділігіне тәнті болған кей зерттеушілердің арқасында дәріптелді. Зиммилер қомақты көлемде салық төлейтін, әлеуметтік мүмкіндіктері шектеулі екінші дәрежелі адамдар болған. Алайда олардың тұрмысы, христиан шіркеуі үстемдік еткен өзге еуропалық елдеріндегі жағдаймен салыстырғанда әлдеқайда жоғары еді [3]. Дегенмен де испан-роман тұрғындарының бір бөлігі христиан дінінде қалып (мосарабтар), діни қолдауды тәуелсіз, христиандық солтүстік аймақтан тапты [4]. IX-шы ғ. ортасында кордовалық епископ Альваро өз шығармаларының бірінде: «көптеген менің діндестерім араб өлеңдері мен хикаяларын, мұсылман философтары мен дін мамандарының шығармаларын теріске шығару мақсатында емес, керісінше, олардан үйреніп, араб тілін игеру үшін оқып, зерттеуде. Латын тілінде жазылған қасиетті кітап түсіндірмелерін оқи алатын бір адам болса да қайдан табылмақ? Өкінішке орай, үлкен мүмкіндіктерімен ерекшеленетін христиан дінін ұстанатын барлық жасөспірімдер тек араб тілі мен араб әдебиетіне қызығып, араб кітаптарын ерекше қызығушылықпен оқып, өздерінің туған тілін ұмытқандай жағдайға жетіп отыр. Өз тілдерінде қабілеті жетпесе де, араб тілінде сауатты, мәнерлі сөйлеп, арабтардың өздерінен асып түсетін дәрежеде араб тіліндегі өлеңдерді асқан өнермен, ұйқаспен шығарады», - деп наразылығын білдірген [5]. Бұл мұсылман мәдениетінің батыс Еуропада таралуының айқын көрестекіші. Тіпті христиан дін басылары мұсылман зерттеушілерімен тығыз байланысты сақтап отырды: IX-шы ғ.-да Толедо епископтарының бірі мұсылман авторларының еңбектерін зерттегені үшін айыпқа ұшырайды [6]. Мұсылман Испаниясының ресми тілі болып жергілікті халықтың басым бөлігі меңгерген - әдеби араб тілі саналды; классикалық латын тілін католик шіркеуінің тілі ретінде дін басылары қолданды; күнделікті өмірде классикалық араб тілінен айтарлықтай айырмашылығы бар, латын тілі мен өзге еуропалық тілдерден енген кірме сөздерге толы – араб тілінің диалекті қолданылды. Кем дегенде екі тілді меңгеру – сол уақытқа қалыпты жағдай. Маврлардың билігі кезінде Андалусия халқы бүгінгі таңға дейін зерттеушілерді таң қалдыратын діни төзімділігімен ерекшеленді. Бернард Льюис Испаниядағы мұсылмандар билігіне мынадай бағасын береді: «Жаңа құрылымның төзімді, либералды болғаны соншалық, тіпті ортағасырлық испан хабаршылары бұл құрылымды солтүстікте үстемдік еткен франктік биліктен артық көрген [3]. Ал Иордан университетінің профессоры Салах Джарар, бұл ерекше құбылысты зерттеп, өз болжамын айтады: «Мұндай діни төзімділік – әділдікке, адам құқығын және жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарды құрметтеуге негізделген Андалусия билеушілерінің көреген саясатының арқасында ғана мүмкін болды» [7]. Андалусияның бүкіл тарихында халықтың негізгі бөлігі екі тілде сөйледі. Мемлекеттік тіл болып әдеби араб тілі саналды. Ел тұрғындарының бұл тілді жетік меңгергенін Андалусия жазбаларынан байқауға болады. Араб тілі ортағасыр дәуірінде жүйелі құрастырылып, өңделген тілдердің қатарында болды. Әдеби тілмен қатар, күнделікті өмірде ауызша диалект қолданылды. Оның әдеби тілден басты айырмашылығы тілде роман элементтерінің басым болуында. Христиандарды және кейбір мұсылмандардың күнделікті өмірінде, халықтық латын тілі негізінде дамыған, роман диалекті (романсе) басым болды. Төртінші кезекте, ғалымдар мен діни адамдар ортасында қолданылған «таза» латын тілі тұрды.

Исламдандыру үрдісі білім беру саласын да жанамай өтпеді. Мемлекеттік мектеп болған емес; мектептер меншіктік және қоғамдық бастамалар нәтижесінде пайда болды.

Андалусияда жарлы ата-аналар балаларына мектептер, қыздарға арналған арнайы оқу мекемелері салынды. Кордова, Севилья, Гранада немесе Толедо қалаларында мектеп бітірген жас балалардың білім деңгейін жетілдіру мақсатымен Меккеге, Мединеге, Каирге, Бағдадқа барып, немесе оқуын Кордовадағы Үлкен мешіт университетінде жалғастыратын мүмкіндіктері болды [8]. Мектеп төмен және жоғарғы деңгейлерден тұрды. Төменгісінде жазу, грамматика, Құран оқу үйретілді. Сабақ Құран оқудан басталып, кейін пайғамбар өсиеттері оқытылды. Сұрақтар туындаған жағдайда, мұғалім оларға жауап беріп, оқушылардан сұрауды бастайды [9]. Сауаттылық – Еуропамен салыстырғанда сол заманда Андалусияда қалыпты жағдай еді. Жоғарғы мектепте Құран мен әдеби ғылымдарынан басқа, медицина, математика, астрономия, философия үйретілді. Еуропа мен араб әлемі арасындағы айырмашылықты жоғары білім жүйесінен де байқауға болады. Мұсылман оқу мекемелерінде ғалымдар дәрежесіне қатысты қатаң иерархия болған емес. Белгілі бір мұғалімде курс аяқтаған мұсылман оқушысы одан «иджаза» (біліктілік туралы куәлік) алған. Оқушыға куәлік берген мұғалім неғұрлым белгілі болса, оқушының ғылыми элитаға өту мүмкіндігі соғұрлым жоғары болды. Білім саласында атақ алуға талпынған оқушылар, бір мұғалімнен екінші мұғалімде білім алып, «иджазаларды» жинақтайды [10].

Арабтардың аймаққа алып келген маңызды мәдени элемент – кітапханалардың жаңа формалары туралы айтып кеткен де жөн. Кітапханалар санының өсуіне, арабтар алып келген, біртіндеп папирус пен пергаментті қолданыстан ығыстырған – қағаздың кең қолданылуы мүмкіндік туғызды [5].

Араб әулеттерінің билік құрған кезінде, Мұсылман Испаниясы Кордова, Гранада, Севилья және Толедода интеллектуалды орталық статусына ие болды.

IX-X-шы ғғ. Кордовада мәдениет пен ғылымның гүлдену дәуірі саналады. Онда 500 мың адам өмір сүрді, бұл кез келген Еуропа орталығынан жоғары көрсеткіш болды. Көптеген мешіттер салынып, 800 мектеп, 600 қонақ үйі, 900 монша, 50 аурухана, 70 кітапхана бар деп саналды. Ал-Хакам II кітапханасында, сирек кездесетін манускрипттермен 400 мыңнан астам том болған. Кітаптар басы мен авторлар есімінен құралған каталогтар, әрқайсысы 50 бетті, кем дегенде 44 тізімді құрады.

Сонымен, төзімділік пен әділеттікке негізделген, ұзақ ғасырларға созылған дәстүрлерімен ерекшеленетін исламдық өзара қатынастар жүйесі Испания мәдениетінде тамырын тереңге жаяды. Ал мұсылман мәдениетінің мәні тек Испаниямен шектелмейді. Араб-мұсылман мәдениетінің батыстағы ошағы арқылы Еуропа алғаш рет антикалық философия дәстүрлерін қабылдап, ортағасырлық шығыс ғалымдарының, Пиреней түбегі жерінде қызмет еткен сәулетшілердің туындылары мен еңбектерімен танысады. Осылайша, Мұсылман Испаниясы Батыс пен Шығыстың рухани өмірін байланыстырушы өзіндік көпірге айналады.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Шумовский Т.А. Арабы и море. М., 1964. - 137 б.
2. Уотт У.М. Влияние ислама на средневековую Европу. М., 1976. – 37 б.
3. Lewis B. The Arabs in history. London. 1966. - 93-94 б.
4. Босворт К.Э. Мусульманские династии: Пер с англ. П.А. Грязневич. М., 1971. – 38 б.
5. Крачковский И.Ю. Арабская культура в Испании. М. _Л., 1937. - 11-12 б.
6. Arnold Th.W. The preaching of Islam. A History of the Propagation of the Muslim Faith. With an introduction by R. A.Nicholson. 3d ed. London, 1935. - 137 б.
7. Салах Д. Мин сууар ат-тасаммух ал-ислами фи-л-Андалус // ат-Тасаммух. 2003. № 1. - 121 б.
8. Салах Закут. Испано-арабская философия. М., 1995. – 12 б.
9. Мец А. Мусульманский Ренессанс. М, 1996. – 17 б.
10. Фильштинский И.М. История арабов халифата (750-1517гг.). М.. 1999. – б.